

## Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2001 жылғы 7 мамыр N 597. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Конституациясының 44-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамыту мен мемлекеттік қолдау мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын жартышқылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша Бағдарламаны іске асыру барысы туралы жиынтық талдау баяндамасын ұсынын.

4. Бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етуді бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

5. Осы жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

*Президенті*

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2001 жылғы 7 мамырдағы

N 597 Жарлығымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту  
мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған  
мемлекеттік бағдарламасы**

**Астана**

**2001**

## **1. Бағдарламаның паспорты**

Атауы Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту  
мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған  
мемлекеттік бағдарламасы

Әзірлеу негізі Қазақстан Республикасы Президентінің  
"Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму  
стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі  
шаралар туралы" 2000 жылғы 17 ақпандағы N 344

**Жарлығы**

Негізгі Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды  
әзірлеуші реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесі  
қолдау жөніндегі агенттігі

Мақсаты Шағын кәсіпкерліктің өндірістік саласының  
серпінді дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік  
қолдау саясатын жетілдіру

Міндеттері Бағдарлама мақсатын іске асыру үшін мынадай  
міндеттерді шешу көзделіп отыр:  
халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;  
қоғамдық ұйымдардың шағын кәсіпкерлікті қолдау  
мен қорғау мәселелеріндегі рөлін күшету;  
шағын кәсіпкерліктің өндірістік секторын  
басымдықты дамыту;  
шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету  
жүйесін жетілдіру және дамыту

Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары Шағын кәсіпкерлік саласындағы нормативтік  
құқықтық актілерді жетілдіру және олардың  
орындалуына бақылау жасауды күшету;  
шағын кәсіпкерлікті қолдау мен қорғаудың  
құрылатын инфрақұрылымын пайдаланудың тиімділігін  
артикуру;  
шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ғылыми-әдістемелік  
және ақпараттық қамтамасыз ету;  
шағын кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік және  
инвестициялық тұргыдан қолдау саясатының

тетіктерін жетілдіру;

шағын кәсіпкерлікті аймақтық дамыту

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қаржылық  
қамтамасыз ету республикалық және жергілікті  
бюджет қаражаты есебінен көрсетілген мақсаттарға  
жыл сайын көзделетін қаржының, сондай-ақ  
Қазақстан Республикасы алатын мақсатты  
заемдардың, мемлекеттік заттай гранттардың  
шегінде жүзеге асырылады

Бағдарламаны  
іске асырудан  
күтілетін түпкі  
нәтиже

2002 жылдың аяғына дейін шағын кәсіпкерлік  
субъектілері санының 500 мыңға дейін өсуі,  
олардың өндірістік, қаржылық, ғылыми-технология.  
лық, сауда-делдалдық және басқа салалардағы  
ұтымды арақатынасына қол жеткізу жаңа жұмыс  
орындарының құрылуды мен шағын бизнес саласында  
жұмыспен қамтылған адамдар санының артуы

Іске асыру  
мерзімдері

2001 - 2002 жылдар

## 2. Кіріспе

Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 17 ақпандығы N 344 Жарлығын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында өзірле迪.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын 1992 және 2000 жылдардағы кезең ішінде іске асыру Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерліктің жасақталуы мен қалыптасуына негіз қалады.

Шағын кәсіпкерлік экономикасының жинақылығы салыстырмалы түрде аздаған инвестициялары мен тәуекелінің неғұрлым аздығымен қысқа мерзім ішінде, бірінші кезекте тауар айналысы саласындағы сол кездегі жағдайды езгертуге және тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшету және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 және "Азаматтар мен занды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығын қорғау туралы" 1998 жылғы 27 сәуірдегі

Н 3928 Жарлықтары соңғы жылдары шағын кәсіпкерліктің дамуына қуатты  
с е р п і н б е р д і .

Бағдарлама "Қазақстан-2030" Стратегиясының қағидаларына негізделіп  
әзірленді.

### **3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау**

Реформалардың бастапқы кезеңінде заң жүзінде ұсынылған мемлекеттік қолдау шаралары бүгін өз нәтижелерін беруде. Шағын кәсіпкерлік саласын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер экономиканың осы секторында қалыптасып келе жатқан оң үрдістер туралы мағлұмат береді.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері берген есептердің деректеріне сүйенген 2000 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша республикада 372 мыңдан астам шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелген, олардың ішінде жұмыс істейтіндері 329,1 мыңды, шағын кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандардың саны - 1,4 млн. адамды құрайды. Шағын кәсіпкерлік субъектілері 1999 жылғы қантар-желтоқсан ішінде 435,8 млрд. теңгенің өнімін өндіріп, қызмет көрсетті, бюджетке 33,7 млрд. теңге салық төлемдері тұсті.

Шағын бизнес өкілдері 2000 жыл ішінде 532,6 млрд. теңгенің өнімін өндірді және қызмет көрсетті, ол 1999 жылдың тиісті көрсеткішінен 1,2 есе артық. Шағын кәсіпкерлік субъектілері өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда, бюджетке төленетін төлемді 1,4 есе көбейтті (2000 жылғы 1 қантарға 33,7 млрд. теңге құраса, 2001 жылғы 1 қантарға 45,8 млрд. теңге құрады).

2001 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша Қазақстанда 388,2 мың шағын кәсіпкерлік субъектісі (занды және жеке тұлғалар) тіркелген, олардың 353,6 мыңы жұмыс істейді (бұл көрсеткіш өткен жылдың жоғарыда аталған кезеңімен салыстырғанда 10 %-ке өсті).

Шағын кәсіпкерліктегі үрдістерді талдау экономиканың осы секторы дамуының серпінді-үдемелі сипаты бар екенін және әлеуметтік шиеленісті төмендету факторы мен халықты жұмыспен қамтамасыз етудің негізі бола отырып, өзінің оң нәтижесін беріп отырғанын айғақтайды. Сөйтіп, кәсіпкерлік сипат экономикаға барған сайын тиісті икемділік беріп, оның дамуының шешуші факторы болып келеді. Шағын кәсіпкерлік жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарын құру жолымен халықты жұмыспен қамтамасыз етуде, рынокты әртүрлі тауарлармен және қызмет көрсетулермен молықтырып отыр.

1998 жылдан бастап 2000 жылға дейінгі кезең ішінде шағын кәсіпкерлік субъектілері өндіріп отырған өнімнің салалық құрылымындағы кейбір оң өзгерістерге қарамастан, сауда-делдалдық қызмет шағын кәсіпкерлік қызметінің неғұрлым анық үстем түрі (тауарлар мен қызмет көрсетулердің жалпы көлемінің

2/3-не жуық) болып қалып отыр. Осы кезең ішінде сауда үлесі 72,8%-тен 55,7%-ке, яғни 17,1%-ке төмендей отыр.

Өнімнің жаңа түрлерінің саны, менеджмент деңгейі, өндіріліп отырған тауарлар мен қызмет көрсетулердің сапасы бұрынғыдан олардың деңгейін көтеруге септігін тигізетін іс-шаралар әзірлеуді және іске асыруды талап етеді.

Жаңа жұмыс орындарын құру, тауар рыногын отандық тауарлармен және қызмет көрсетулермен молықтыру, шаруашылық жүргізуши субъектілердің инновациялық белсенділігін арттыру мақсатында шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамыту, дамыған елдер тәжірибесі көрсетіп отырғандай, арнағы мемлекеттік қолдау шараларының мүмкін емес.

Бағдарламаның бірінші кезектегі шараларын іске асыру, ең алдымен шағын кәсіпкерліктің дамуын тәжеп отырған мынадай проблемаларды шешуге бағытталған:

шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы;

қолданылып жүрген зандарды жергілікті деңгейде орындау тәртібінің әлсіздігі;

салық салу және салықтық тексеру жүйелерінің тым күрделілігі;

негізгі қаражатты алуға және айналым қаражатын молықтыру үшін несиелік ресурстарға қол жеткізуіндің шектеулілігі;

экономиканың нақты секторында жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілерінің іске қосылмаған, коммуналдық меншіктегі өндірістік үй-жайларды сатып алу тәртібінің күрделілігі және тым жоғары жалгерлік ақысы;

кадрларды даярлау және шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қолдаудың тұтас жүйесінің жоқтығы;

шағын кәсіпкерліктің мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимыл жасаудың үйымдық проблемалары;

шағын кәсіпкерліктің дамуы жолындағы әкімшілік тосқауылдар.

Кәсіпкерліктің дамуы үшін қолайлы орта қалыптастыру бағыттарының бірі болып кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асырудағы мемлекеттік әкімет органдарының актілерінен, іс-қимылдарынан және әрекетсіздігінен туындаған, әкімшілік тосқауылдар ретінде белгіленетін кедергілерді жою болып табылады. Осы кедергілер көбінесе жергілікті жердегі атқарушы әкіметтің әрекетіне бағындырылған.

Шағын кәсіпкерлік дамуын жеделдетудің және бюджетпен өзара қарым-қатынастарды тәртіпке келтірудің маңызды факторы салық салу жүйесін барынша ықшамдау болуға тиіс. Мұнда ең өткір проблема салықтық тексерулердің ретсіздігі болып отыр. Әрбір шағын кәсіпкерлік субъектісі орташа алғанда 6-8 ресми салықтар мен алым түрлерін төлейді, сонымен бірге олардың

әрқайсысы бойынша өз есептеу әдістемесі, салық салу негізі, төлеу тәртібі мен мерзімдері, есеп беру деректемелері мен нысандары бар.

Салаларды қайта құрылымдауды және кәсіпорындарды реформалауды жүргізу кезінде шағын кәсіпкерліктің артықшылықтары әлі де жете пайдаланылмауда. Мемлекет қолдауының осы саладағы пәрменді шараларының бірі болып өндіріс және қызмет көрсетулер саласында жұмыс істейтін шағын кәсіпкерлік субъектілері арасында мемлекеттік тапсырысты орналастыру болып табылады. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың осындай практикасын одан әрі дамыту ірі компаниялардың шағын кәсіпкерлік субъектілерімен соңғыларда өнімнің (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) белгілі түрлерін өндіру бойынша тапсырыстарды орналастыру тұрғысында өзара іс-әрекеттерін кеңейту арқылы

мұмкін болмак.

Ең жиі кездесетін әкімшілік тосқауылдардың бірі кәсіпкерлік қызметті тіркеу және лицензиялау жүйесінің жетілмелегендігі болып табылады. Осы Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделетін тіркеу және лицензиялау жүйесін ықшамдау:

шағын кәсіпкерлік субъектілерін бәсекеге неғұрлым қабілетті, ал кәсіпкерлікті ұйымдастыруды неғұрлым арзан ете отырып, кәсіпкерлік жүргізудің операциялық шығындарын азайтуға;

шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары үшін қолайлы орта жасауды қамтамасыз етуге және құрылышпен жатқан шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санын арттыруға;

жер учаскелерін, жылжымайтын мұлік орталығында құжаттаманы ресімдеу өнімдерді сертификаттау, үй-жайларды қайта жоспарлау және қайта жаңарту тәртібін оңайлатуға мүмкіндік береді. Әсіресе төлеу құны мен құжаттарды ресімдеу мерзімдерін реттеу талап етіледі.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты шағын кәсіпкерліктің өндірістік саласының серпінді дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік қолдау саясатын жетілдіру болып табылады.

Бағдарламаның міндеттері оның мақсатымен айқындалған және мыналар:

халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету;

қоғамдық бірлестіктердің шағын кәсіпкерлікті қолдау мен қорғау мәселелеріндегі рөлін қүшектеу;

шағын кәсіпкерліктің өндірістік саласын басымдықты дамыту; шағын кәсіпкерлікті ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру және

дамыту арқылы шағын кәсіпкерлік субъектілерінің тұрақты қызметі үшін қолайлы жағдайлар жасау болып тұжырымдалады.

Бағдарламаның іс-шараларын іске асыру кезінде жоғарыда аталған міндеттерді шешу республикалық, сол сияқты аймақтық деңгейде де жүзеге асырылатын болады.

## **5. Бағдарламаның негізгі бағыттары мен оны іске асырудың тетігі**

Кол жеткен оң үрдістерді орнықтыру мен кәсіпкерлікті дамытуға кедергі болып отырған проблемаларды жою мақсатында Бағдарламада:

шағын кәсіпкерлікті қолдау мен қоргаудың инфрақұрылымын құрып, оны пайдаланудың тиімділігін арттыру;

шағын кәсіпкерлік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру және олардың орындалуына бақылауды күшейту;

шағын кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік және инвестициялық түрғыдан қолдау саясатының тетіктерін жетілдіру;

шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етү;

шағын кәсіпкерлікті аймақтарда дамыту бойынша бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру сияқты негізгі бағыттар көзделген.

Көрсетілген бағыттарда шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі саясатты жүргізу шағын кәсіпкерліктің, әсіресе экономиканың өндірістік, инновациялық салаларындағы инфрақұрылымды жетілдіру мен дамыту, қаржылық қамтамасыз ету негізінде одан әрі өркендеуі үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

Белгіленген шараларды іске асыру аймақтық құрылымдар іс-қимылдының кәсіпкер мүддесі мен мүмкіндігіне барынша кірігуіне жағдай туғызады.

### **5.1 Шағын кәсіпкерлік саласындағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру және олардың орындалуына бақылау жасауды күшейту**

Республикада 1992 жылдан бастап 2000 жылға дейін шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың бұрын қабылданған мемлекеттік бағдарламаларын талдау шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық базаның іс жүзінде қалыптастын айғақтайды.

"Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттарының бірі шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін қолайлы жағдай

туғызудың құқықтық режимін белгілеу болып табылады.

Кәсіпкерлердің қоғамдық құралымдарына нормативтік, әдістемелік құжаттар түрғысында әдістемелік көмек көрсетіп, келіп түсіп жатқан, соның ішінде кәсіпкерлердің құқықтарының бұзылуына байланысты өтініштер бойынша консультация бере отырып, олардың қызметін жандандыруға ұмтылу қажет. Сонымен қатар, кәсіпкерлер бірлестіктерінің күш-жігерін "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген өз құқықтары мен өкілеттіктерін кеңінен және нәтижелі пайдалануға бағдарлау және

бағыттау керек.

Мұндай ұстаным аймақта заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің орындалуына неғұрлым тиімді бақылау жасауды, сондай-ақ жанжал дауларды шешу практикасын жетілдіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кәсіпкерлердің орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың басшыларымен тақырыптық кездесулері шағын кәсіпкерлік субъектілері мен бақылаушы органдар арасында өркениетті қарым-қатынастардың қалыптасуына, сондай-ақ өзара қатынастардағы қайшылықтарды жою жөнінде сындарлы ұсыныстар жасауға жәрдемдеседі.

Экономиканың нақты секторы қызметінің әртүрлі салаларында франчайзингілік қатынастарды дамыту мен құруды қамтамасыз ету үшін бірқатар заң мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу болжанып отыр.

Мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке тікелей араласудан бас тартуын, жеке кәсіпкерлердің неғұрлым еркіндігін және еркіндігі еліміздің Конституциясында бекітілген кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін мемлекеттік басқару органдарының лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін заң жүзінде бекіту саясатын жүргізу жалғастырылатын болады.

Осы бағыттағы жұмыстың басымдықты бағыттары республикада шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар қолдану, шағын кәсіпкерлікті қорғауға бағытталған заңдардың сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыру, экономикадағы шағын кәсіпкерліктің рөлі мен мәнін күшету, сондай-ақ шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі жасаушы факторларды анықтау болады.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына тосқауылдарды жеңіп шығудың негізгі жолдарының бірі кәсіпкерлік сектордың орталық және жергілікті атқарушы органдармен өркениетті өзара іс-қимыл жасасуы болуға тиіс. Осыған байланысты кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктері кәсібілігінің деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты жандандыру қажет.

Заңдар базасында сақталып отырған проблемаларды ескере отырып, оны жетілдіру мақсатында мынадай шаралар көзделіп отыр:

шағын кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарына нұксан келтірген, заңсыз қабылданған актілер үшін мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі шегін, бұл ретте келтірілген залалды кінәлі тұлғаның жеке қаражаты есебінен өтеуді көздей отырып, заңды тұрде бекіту;

шағын кәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді жүзеге асыру тәртібін реттейтін бірыңғай құжат әзірлеу;

бақылаушы органдар практикасынан рейдтік тексерулерді алып тастау үшін шаралар қолдану;

тексерулер жүргізуге арналған нұсқаманы онда нақты шаруашылық жүргізуши субъектінің атауын көрсетпей тіркеуге тыйым салу;

шағын кәсіпкерлік мәселелеріне қатысты заң және нормативтік актілер жобаларын шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен және оның аумақтық бөлімшелерімен міндетті келісуді қамтамасыз ету.

Шағын кәсіпкерлікті нарықтық экономиканы дамытудың қазіргі жағдайларында қорғау неғұрлым көкейтесті болып отыр. Ол туралы Агенттіктің Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен және Әділет министрлігімен бірлескен бастамасымен өткен "Шенеунік және кәсіпкер" атты акцияның нәтижелері айғақ етеді. Кәсіпкерлік практика қызметінің негізгі бағыттары шағын кәсіпкерлікке білікті зангерлік көмек көрсету болып табылатын ұйымдарды заң жүзіндегі шаралармен қалыптастырып, оларды ынталандырып, жағдайлар жасау керектігін көрсетіп отыр.

Шағын кәсіпкерліктің дамуына кедергі жасап отырған әкімшілік тосқауылдарды жену үшін іс-шаралардың, соның ішінде:

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыруға уәкілетті ұйымдардың толық тізбесін жасауды;

тексеру жүргізу тәртібі мен кезеңділігін (бақылау функцияларын жүзеге асыру құқығын куәлік ететін нұсқаманы, ордерді немесе өзге де құжатты беру міндеттілігі, тексеру нәтижелерімен таныстыруды, кәсіпкердің тексеру нәтижелеріне шағымдану құқығын қамтамасыз етуді және басқаларды) белгілейтін тиісті нормативтік актілер әзірлеуді;

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын лауазымды тұлғалардың нақты өкілеттіктерін белгілеуді қамтитын жоспар дайындалатын болады.

## 5.2. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мен қорғаудың құрылатын инфрақұрылымын пайдаланудың тиімділігін арттыру

Шағын кәсіпкерліктің табысты дамуын айқындайтын басты шарттардың бірі шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін қамтамасыз ететін инфрақұрылымның жақсы дамыған және дұрыс жұмыс жасайтын элементтерінің жолға қойылуы болып табылады. Шағын кәсіпкерліктің өзіндік жүйесін құру мен қолдау - бұл нарықтық қайта құруларды жүзеге асырып жатқан елдердің аса маңызды міндетті.

Қазіргі уақытта республикада шағын кәсіпорындардың өміршендейдігі мен өркендеуін арттыратын, жаңа отандық технологияларды жасауға және игеруге, жоғары пайдалы ғылымды қажетсінетін өнімдерді шығаруға мүмкіндік туғызатын, шағын кәсіпкерлікті қолдаудың тиімді құралы болып табылатын бизнес-инкубаторлар, технопарктер және шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі орталықтар жұмыс жасауда.

Бірақ, шағын кәсіпкерлікті қолдау орталықтарын құру идеясы Қазақстанның көптеген аймақтарында қолдау тапқанына және тарағанына қарамастан, жұмыс істеп тұрған ұйымдардың туындалап келе жатқан тәжірибесі республиканың шағын кәсіпкерлігін қолдаудың нарықтық инфрақұрылымын табысты дамыту үшін жеткіліксіз. Шағын кәсіпкерлікті қолдаудың республикалық жүйесінің дамуын тежеп отырған бірқатар мәністер бар: шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы обьектілерін құру жөнінде бірыңғай әдістемелік ұсынымдар өзірленген жок, жергілікті жерлердегі атқарушы өкіметпен өзара іс-қимыл жасау схемалары жасалған жоқ және т.б.

Бизнес-инкубаторлар, технопарктер, кәсіпкерлер құқықтарын қорғау жөніндегі қауымдастықтар, мемлекеттік уәкілетті органдар көптеген кәсіпкерлер есептеу, бизнес-жоспарлау, маркетинг, қаржылық талдау, құқықтық мәдениет машықтарын әлсіз менгергендіктен, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді күшейту керек. Кәсіпкерлерге зандардағы және қажетті құжаттарды ресімдеудің сол немесе өзге тәртібіндегі көптеген өзгерістерді уақтылы байқап отыру қын.

Шағын кәсіпкерлікті тиімді дамыту жағдайларын жасау, шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың икемді жүйесін қалыптастыру үшін жергілікті атқарушы өкімет пен кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің өзара үйлескен іс-қимылы қажет. Осы мақсаттарға жету үшін мынадай бірінші кезектегі шараларды бөліп көрсеткен дұрыс:

мемлекеттік қолдаудың нақты шараларының мазмұны туралы толық және жариялы ақпараттың болуы;

кез келген кәсіпкер ала алатын, зандар, салықтар, бәсекелестер, клиенттер, тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулер рыногының жай-күйі туралы іскерлік сипаттағы мәліметтерді қамтитын ақпараттық желі қалыптастыру;

шағын кәсіпкерлік мәселелері жөнінде осы экономика секторының жай-күйін

және оның даму үрдістерін айқындауды объективті түрде бағалау мақсатында жүйелі зерттеулер үйымдастыру;

шағын кәсіпкерліктің есеп және мемлекеттік статистика жүйесін жақсарту;

шағын кәсіпкерлік секторының қызметін ынталандыруға, халықты жеке бизнесен айналысуға даярлауға, кәсіпкерлер туралы тиісті қоғамдық пікір қалыптастыруға бағытталған насиҳаттау және білім беру науқанын үйымдастыру.

### **5.3. Шағын кәсіпкерлікті кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық тұргыдан қамтамасыз ету**

Шағын кәсіпкерлік үшін кадрларды даярлаудың және қайта даярлаудың жеткіліксіздігі республикада шағын кәсіпкерліктің даму қарқынын баяулатып отырған себептердің бірі болып табылады. Қазақстан шағын кәсіпкерлік нарықтың құрылымдарды құру және олардың қызметін қамтамасыз етуге білімі мен тәжірибесі бар кәсіби кадрларға өте зәру күй кешіп отыр.

Шағын кәсіпкерлікті орташа мерзімді болашақта кадрлық, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету оқытушыларды кәсіпкерлік пен шағын кәсіпкерлікке мақсатты бағдарлай отырып даярлауды, үйымдастыру желілерін құруды, отандық және шетелдік озық тәжірибелі Қазақстан аймақтарында таратуды, ара қашықтық кәсіпкерлік білім беруді дамытуды, оқыту және консалтинглік орталықтардың икемді және тармақталған жүйесін қалыптастыруды қамтитын бірқатар іс-шараларды іске асыруды білдіреді. Кешенді түрде құрылышп жатқан ақпараттық-консалтинглік желі, оқу-зерттеу және тұсаукесерлік-көрмелік орталықтар қазақстандық шағын кәсіпкерліктің проблемалық түйіндерін шешудің жүйелі тетігін іске асыруға, перспективалы технологиялар енгізуді үйымдастыруға, қажетті консалтинглік қолдау көрсетуге, сындарлы серікtestіk байланыстар жасауға мүмкіндік береді.

Шағын кәсіпкерліктің табысты дамуы үшін қазіргі кезеңде прогрессивті маркетинглік органды және Интернет желісінде деректердің салааралық ) дерекқорын құра отырып, бірыңғай ақпарат базасын, байланыстың телекоммуникациялық жүйесін, әзірлемелер алмасу схемасын құру, әзірлемелер мен технологиялардың аймақаралық және халықаралық трансфертің жүйесін құру және инновациялық кәсіпкерлікті дамытудың мақсатты бағдарламаларын бірлесіп әзірлеуге, ірі халықаралық жобаларға қатысуға мүмкіндік жасау қажет. Эр аймақтың өзіне тән проблемаларын шешуге бағдарланған оқу-ғылыми орталықтарын құрудың аймақтық қағидаты қазіргі уақытта еш шұбә келтірмейді.

Кәсіпкерлікті, әсіресе шағын кәсіпкерлікті қолдауды реттеудің тиімді

шараларын жүзеге асырудың анық және нақты қажеттігіне қарамастан, нарықтық экономикасы дамыған елдердің практикалық тәжірибесін негізге ала отырып, оларды өзірлеу мен іске асыру едәуір кешеуілдеп келеді. Оның себептерінің бірі кәсіпкерлік салада ғылыми зерттеулер жүргізуде үйлестірудің жоқтығы болып табылады. Осы тақырыпқа ғылыми зерттеулер, әдетте, бастамашылық жасау тәртібімен жүзеге асырылады.

Шағын кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларын өзірлеу және іске асыру үшін ел экономикасы мен кәсіпкерлігінің, шетел практикасының дамуы туралы талдау деректеріне сүйенетін, шағын кәсіпкерлікті қолдаудың жүзеге асырылып жатқан шараларының тиімділігін ескере отырып, мақсатты бағытталған болжамдық зерттеулерді жолға қоя қажет. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың осы немесе өзге де шараларын қолдану объективті ғылыми талдауға және жеткілікті дәлелденген әдістемелік ұсынымдарға сүйенуге тиіс.

#### **5.4. Шағын кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік және инвестициялық түрғыдан қолдау саясатының тетіктерін жетілдіру**

Шағын кәсіпкерлікті қаржылық-несиелік және инвестициялық түрғыдан қ о л д а у :

екінші деңгейдегі банктердің шағын кәсіпкерліктің өндірістік секторын жергілікті және республикалық бюджеттің, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген, мемлекеттік емес сыртқы заемдардың есебінен, зандарда белгіленген тәртіппен несиелендіру;

шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелеуді, соның ішінде кәсіпкерлердің алынған несиелері бойынша міндеттемелерін орындаудың қамтамасыз ету жолымен жүзеге асыратын, коммуналдық меншік объектілерінен тұратын, аймақтарда қалыптасатын кепілдік қорлар есебінен екінші деңгейдегі банктерді ынталандыру тетігін өзірлеу;

тиісті жылға арналған республикалық бюджетте аталған мақсаттарға арнап қаражат көзделген жағдайда жобаларды екінші деңгейдегі банктермен бірлесе отырып бюджеттік қоса қаржыландыру;

қоғамдардың өзара несие алысу және өзара сақтандыру қызметін ұйымдастыру жөнінде тетіктер өзірлеу арқылы жүзеге асырылатын болады.

Шағын кәсіпкерлік саласындағы инвестициялық саясат шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қажеттіліктеріне жауап беретін жабдықтарды шығаруға қабілетті компанияларға бағдарлануға тиіс, олардың өндірістік бағыттылығы, өнімнің жаңа түрлерін игеруі, техникалық және технологиялық озықтылығы ескерілетін б о л а д ы .

Шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекеттік емес қаржыландырудың мүмкіндіктерін пайдалану - шағын кәсіпкерлік субъектілерінің едәуір бөлігінің әлеуетін біріктіруде жатыр. Өзара сақтандыру қоғамдарын, мұлік пен өз мүшелерінің өзге мүліктік мұдделерін сақтандыруды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдарды құру мен дамытуға айрықша мән беріліп отыр.

### **5.5. Шағын кәсіпкерлікті аймақтық дамыту**

Шағын кәсіпкерлікті аймақтық дамыту, ең алдымен, өндірістік секторды көтеруге, шағын кәсіпкерлікті қолдаудың инфрақұрылымын дамытуға, жана жұмыс орындарының неғұрлым көп санын құруға, жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік ортамен неғұрлым жоғары деңгейде өзара іс-қимыл жасаудына бағытталатын болады.

Бағдарламаның іс-шаралары негізінен аймақтық деңгейде жүзеге асырылатын болады. Аймақтық бағдарламалар мәслихаттардың сессияларында бекітіледі және жұмыстырылады:

шағын кәсіпкерлік инфрақұрылымының элементтерін облыстық және аудандық деңгейлерде құру жөніндегі шаралар;

халықтың, әсіресе жұмыспен қамтылмаған неғұрлым қалың жіктерін кәсіпкерлік қызмет саласына тарту жөніндегі іс-шаралар, аяқталмаған құрылыш пен пайдаланылмай отырған объектілерді шағын кәсіпкерлік субъектілеріне беру мәселелері;

кадрларды даярлау қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар сияқты негізгі бағыттарын қамтуға тиіс.

### **6. Ресурстық қамтамасыз ету**

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды қаржылық қамтамасыз ету респубикалық және жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жыл сайын аталған мақсаттарға көзделетін бөлінген қаржы шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы алып отырған мақсатты заемдардың, мемлекеттік ақшалай гранттар есебінен жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасында Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік дамыту мен қолдаудың 2001-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген іс-шаралар жоспарын іске асыру үшін респубикалық бюджеттен жыл сайын 50 миллион теңге көлемінде қаражат бөлу көзделіп отыр.

### **7. Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін бағалау**

Бағдарламаның іс-шараларын орындау шенберінде шағын кәсіпкерліктің жұмыс істеп тұрған субъектілерін сақтау және жаңа субъектілерін құру үшін 200 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік беретін жағдайлармен қамтамасыз ету көзделуде.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК